

"Магистральдық темір жол желісіне кіретін магистральдық жолдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушы 2015 жылғы 23 ақпандағы № 144 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің м.а. 2024 жылғы 26 сәуірдегі № 152 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 29 сәуірде № 34312 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Магистральдық темір жол желісіне кіретін магистральдық жолдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 ақпандағы № 144 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10785 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Магистральдық темір жол желісіне кіретін магистральдық жолдардың тізбесінде:

77, 78, 79, 80, 81, 82, 83 және 84-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

77	Шымкент	Жамбыл	3289 пк 0	3509 пк 9	Шымкент - Жамбыл	Жамбыл, Түркістан
78	Шымкент	Леңгір	1 пк 0	29 пк 6	Шымкент - Леңгір	Түркістан
79	Қызылсай	Қазығұрт	1 пк 0	11 пк 2	Қызылсай - Қазығұрт	Түркістан
80	Арыс-1	Шымкент	3213 пк 9	3289 пк 0	Арыс-1 - Шымкент	Түркістан
81	Мемлекетаралық шекара	Арыс-1	3345 пк 1	3213 пк 9	Келес (Өзбекстан) – Арыс-1	Түркістан
82	Мемлекетаралық шекара	Мемлекетаралық шекара	3448 пк 0	3485 пк 0	Жаңа Чиназ (Өзбекстан) – Ирджарская (Өзбекстан)	Түркістан
83	Пақтыарал	Мемлекетаралық шекара	1 пк 0	3 пк 5	Пақтыарал – Сырдарьинская (Өзбекстан)	Түркістан
84	Қандыағаш	Арыс-1	1881 пк 6	3213 пк 0	Қандыағаш – Арыс-1	Ақтөбе, Қызылорда, Түркістан

".
,"

мынадай мазмұндағы 97, 98, 99, 100 және 101-жолдармен толықтырылсын:

"

97	Маңғышлақ	Ақтау-порт	сигнал НЗ	бағыттамалы бұрма №56	Маңғышлақ– Ақтау-порт	Маңғыстау
98	Ақтау-Порт	Строительная	бағыттамалы бұрма №47	бағыттамалы бұрма №20	Ақтау-Порт - Строительная	Маңғыстау
99	Строительная	Строительная (Порт" паркі)	бағыттамалы бұрма №41	сигнал Н1	Строительная - Строительная ("Порт" паркі)	Маңғыстау
100	Строительная	Строительная (парк Химиялық")	бағыттамалы бұрма №3	бағыттамалы бұрма №20	Строительная - Строительная ("Химиялық" паркі)	Маңғыстау
101	Строительная	Юбилейная	бағыттамалы бұрма №31	сигнал Н1	Строительная - Юбилейная	Маңғыстау

".

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы

М. Калиакпаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі